

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1036 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы N 642 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1036 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 40, 159-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысанында:
21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау Заңға және осы Шартқа сәйкес жүргізіледі:

1) егін толық жойылған жағдайда зиян мөлшері өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сәтте белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өсірудің бір гектарына арналған шығындар нормативінің қолайсыз табиғат құбылысы әсер ететін осы өнім түрін өсіру алаңына көбейтілген мөлшері р е т і н д е а н ы қ т а л а д ы ;

толық жойылған жағдайда $ЗМ = (ШН * S га)$;

S - қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алаң;

З М - з и я н м ө л ш е р і ;

ШН - шығындар нормативі;

2) егін ішінара жойылған жағдайда қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алаңнан жиналған өнім көлемі астық жинау кезінде міндетті бағалауға жатады. Бұл ретте кіріс мынадай тәртіппен есептеледі:

өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғаннан кейін нақты к і р і с б о й ы н ш а ;

өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғанға дейін бағалау к і р і с і б о й ы н ш а ;

егер алынған астық ішінара сатылса және астықтың сатылмаған бөлігі бар болса, онда осы Шарттың 21-тармағының 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарына сәйкес;

ішінара жойылған кезде $ZM = (ШН - қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алаңның 1 га-дан алынатын кірісі) * S$ га (қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алаң).".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*